

Сарыагаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 250 "Қауымдық сервитут белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Түркістан облысы Сарыагаш ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № 19 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 27 қаңтарда № 6037 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 5-1) тармақшасына және 69 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Сарыагаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарыагаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 250 "Қауымдық сервитут белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5101 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 12 шілдеде электрондық түрде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулының кіріспесіне орыс тілінде өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына "Оңтүстікауызсу" филиалы "Сарыагаш топтық су жүйесі" өндірістік бөлімшесінің пайдалануындағы магистральды және елді мекен ішіндегі ауыз су құбырларын пайдалану үшін жер участеклерін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан жер участеклеріне 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін."

2. "Сарыагаш ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Сарыагаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Полатовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сарығаш ауданы әкімінің орынбасары

Б. Полатов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК